КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылы 2 тамыз №7119-23-00-2/7921 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судьясы А.Ч.Абенова азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«ASR» Серікбай Аяжан Алмасқызы жеке кәсіпкері
Турдукулова Жайна Магаметовна жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Сот АПК-нің 267-4, 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жауапкерлер «ASR» жеке кәсіпкерін, Турдукулова Жайна Магаметовна жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

«ASR» Серікбай Аяжан Алмасқызы жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ASR» Серікбай Аяжан Алмасқызы жеке кәсіпкерінен «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны пайдасына 724 (жеті жүз жиырма төрт) теңге тұрақсыздық айыбы, 22 (жиырма екі) теңге баж салығы өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 02.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 11.09.2023, судья Абенова А. Ч., 11.09.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«ASR» Серікбай Аяжан Алмасқызы жеке кәсіпкерінен жергілікті бюджет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге баж салығы өндірілсін.

Турдукулова Жайна Магаметовна жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Турдукулова Жайна Магаметовна жеке кәсіпкерінен «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны пайдасына 36 480 (отыз алты мың төрт жүз сексен) теңге тұрақсыздық айыбы, 1094 (бір мың тоқсан төрт) теңге баж салығы өндірілсін.

Турдукулова Жайна Магаметовна жеке кәсіпкерінен жергілікті бюджет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге баж салығы өндірілсін.

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **А.Ч.Абенова**

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 02.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 11.09.2023, судья Абенова А. Ч., 11.09.2023

7119-23-3-1/7652